

**Байланыс саласындағы уәкілетті органның кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 253 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1, 1-1-тармақтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу ережесінің 22-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**  
1. М ы н а л а р д ы ң :

1) «Радиожиілік спектрін пайдалану үшін ақы төлеуге арналған хабарлама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы № 426-1 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2128 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2003 ж., № 25-26 жарияланған);

2) «Радиожиілік спектрді пайдаланғаны үшін төлем хабарламасының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы № 426-1 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 5 тамыздағы № 165-п бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3035 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде, 2005 ж. № 14, 59-құжат жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (Р.Р. Нұршабеков):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің назарына ж е т к і з с і н ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК